ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2022 жылғы 4 мамыр №5265-21-00-2/395 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья М.А.Майсақанов,
сот отырысының хатшысы С.С.Рысқұлбектың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «ЮГТЕХМОНТАЖ» Ербол Едылович Токсанбаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2) тұрақсыздық өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Мырзакеримова
талап қоюшының өкілі С.С.Жолдасова
талап қоюшының өкілі А.А.Куатбаев
жауапкер Е.Е.Токсанбаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2022 жылғы 10 ақпанда тараптар арасында 126 000 теңгеге «Күзет сигнализациясының қызметтері» бойынша мемлекеттік сатып алу туралы № 10 келісім шарты жасалған (бұдан әрі - Шарт).

Шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі - Шартқа қол қойған күннен 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 1 512 теңге тұрақсыздық өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі жауапкердің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын сотқа мәлімдеді, талап қоюды қолдап, оны толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сотта Шарт бойынша қызметтерді көрсетпегенін тиісті лицензияның жоқ болуымен және техникалық ерекшелікті толығымен түсінбегенімен түсіндірген, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қоюдың қанағаттандыруға жататындығы жөнінде қорытынды берген.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1) Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, белгіленген мерзімде қызмет көрсетпеген.

Жауапкердің техникалық ерекшелікті түсінбегеніне сілтемесі орынсыз, Заңның 38-бабы 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

2) АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Құжатқа қол қойылған: Майсаканов М. А., 16.05.2022

Заңды күшіне енген күні: 17.06.2022, судья Сегизова Б. Б., 17.06.2022

5265-22-3-1/429

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Сондықтан сот жауапкерден қызмет көрсетпегені үшін 12 күнге есептелген 1 512 теңге мөлшерінде тұрақсыздық өндірілуге жатады деп санайды (126 000*0,1%*12=1 512).

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 577 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ЮГТЕХМОНТАЖ» Ербол Едылович Токсанбаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ЮГТЕХМОНТАЖ» Ербол Едылович Токсанбаевтан мемлекеттің пайдасына 1 512 (бір мың бес жүз он екі) теңге тұрақсыздық, 1 577 (бір мың бес жүз жетпіс жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **М.А.Майсақанов**

Құжатқа қол қойылған: Майсаканов М. А., 16.05.2022

Заңды күшіне енген күні: 17.06.2022, судья Сегизова Б. Б., 17.06.2022